

Танымал мүсіндер


Орындаған:Серіков.Н

**Әрбір елде миллиондаған
туристердің назарын
аудартатын көне және замануи
ескерткіштер бар.**

Пасха аралы. Мұнда адамдар көп мекендемейді. Аралда моаи атты үлкен тас мүсіндер көп орналасқан. Кейбір теорияларға сәйкес, олар тайпалардың көсемдеріне көрсетілген құрмет ретінде қойылған.




Иса пайғамбарға қойылған ескерткіштердің ең танымалы Рио-де-Жанейрода орналасқан. Қазір Рионың символына айналған арт-деко стиліндегі мүсін 1922-1931 жж. аралығында салынған.






**Копенгагенге ат басын тіресеңіз,
міндетті түрде "Су перісі"
ескерткішіне жол тартыңыз.
Бұл шағын ғана мүсінге 1909
жылы "Carlsberg"
компаниясының негізін қалаған
адамның баласы - Карл Якобсен
тапсырыс берген. Бұған өзі
тамашалаған аттас балет
қойылымы түрткі болыпты.**

Будданың мүсіндерін көптеген елден кездестіруге болады. Алайда ең үлкені Қытайда, Сычуань провинциясының оңтүстігінде орналасқан. Ол таудың ортасынан ойылыған. Бір ғасырға жуық жасалған мүсін тек 713 жылға қарай дайын болды. Мүсін авторлары таудың маңындағы тулаған суларды Будданың кейпі тыныштандырады деп үміттенген





Гизадағы әйгілі Сфинкс осыдан 5000 жыл бұрын салынған деп есептеледі. Бұл - әлемдегі көне және ең ірі ескерткіштердің бірі. Оның қандай мақсатта және кім үшін қойылғаны әлі күнге дейін жұмбақ.

Авраам Линкольннің тас мүсіні Вашингтондағы Линкольн мемориалына келушілерге бағытталған. Сарапшылардың айтуынша, оның қолдарының қимылы ым-ишара тілінде осы америкалық президенттің есімінің алғашқы әріптерін білдіреді. Ескерткішті қойған мүсінші Дэниель Честердің керемет баласы болған деседі.



Францияның АҚШ-қа тартқан сыйы - Бостандық мүсіні 1886 жылдан бері өзінің тұтанған шырағын Нью-Йорктің үстінде ұстап тұр. Бастапқыда мүсіннің түсі қоланықы іспеттес болған. Уақыт өте келе мүсіннің түсі өзгерді.





Моңғолия астанасы - Ұлан Батырдағы Шыңғысханның орасан зор мүсіні байқаусыз қалмайды. Қала қонақтары аттың жалына дейін көтеріле алады: ол жерден қаланың ерекше көркі ашылады.



Назарларыңызға рахмет